Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы – № 3 (124)/2018, 104-108 б.
Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University – № 3 (124)/2018, 104-108 pp.
http://bulpedps.enu.kz/; E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

МРНТИ**:** 372.857

Л.Б.Раманова.[1], С.Ж.Ибадуллаева.[1], Н.С. Ауезова.[2]
[1]Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан
[2]С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: lyazzat1980@mail.ru, salt_i@mail.ru, nurkuigan1971@mail.ru)

Биология мамандығы студенттерінің көптілді білім беру барысындағы білім деңгейінің динамикасы

Аннотация. Мақалада көптілді білім беруді ұйымдастыру педагогикалық заңдар мен заңдылықтар бойынша жүргізілетіні көрсетілген. Көптілді білім беру қазіргі күн талаптарының бірі болып отыр. Білім жүйесінде қарастырылған негізгі мәселелердің бірі -жоғарғы оқу орындарындағы көптілділікті дамыту үшін биология мамандығында пәндер жүйесі жасалып, оқу-әдістемелік жұмыстар ұйымдастырылды. Көптілді білім беретін пәндер бойынша студенттердің білім деңгейінің динамикасына зерттеу жүргізілген.

Көптілді білім беру топтарында пәндердің ағылшын тілінде оқытылуы қарастырылды. Студенттердің көптілді білім беру ортасындағы оқу жұмысына бейімделуін анықтау үшін көптілде оқылатын пәндердің сынақ-емтихан ведомостері салыстырылды. Бұл оқу ортасына бейімделудің сыртқы, объективті критерий ретінде қарастырылды. Зерттеу бойынша алынған нәтижелерге талдау жүргізілді. Талдау нәтижелері студенттердің көптілді білім беру ортасындағы оқу жұмысына бейімделуі жоғары болғандығын көрсетті.

Түйін сөздер. Білім дамытуға арналған әдістер, білім беру стандарты мониторинг, меңгеру, бейімделу, стратегиялар.

DOI: https://doi.org/10.32523/2616-6895-2018-124-3-104-108

Білім берудегі жаңалықтардың біріне ойлау мен мінез-құлықтың демократиялық типінің, әлеуметтік нысандармен өзара байланыс жасауда коммуникативтік біліктер мен толеранттылықтың дамуына мүмкіндік беретін көптілді білім берудің қалыптасу тенденциясын жатқызуға болады. Қазақстанда тіл саясаты өте өткір мәселе, екі немесе одан көп тілді білу социолингвистикалық шынайылықпен негізделген. Еліміздегі көптілді білім беру кеңістігін дамытуға деген назардың күшеюі қазіргі қоғамдағы коммуникативтік ортаның және қоғам өміріндегі жеке тұлғаның маңызының артуымен байланысты [1,2].

Көптілді білім берудің теориясы мен әдіснамасы ғылыми-педагогикалық циклдың логикасын: көптілді білім беруді ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын анықтайтын жалпы педагогикалық заңдар мен заңдылықтарды, теориялық тәсілдер мен принциптерді есепке ала отырып жасалуы тиіс. Бұл көптілді білім берудің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдауға, мазмұнын анықтауды негіздеуге, сонымен бірге әдістерін, формаларын, құралдарын анықтауға мүмкіндік береді [3,4].

«Институционалдық реформаларды жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» атты бағдарлама бойынша «мектептер мен жоғары оқу орындарында ағылшын тілінде білім беру жүйесіне көшу» қадамы нақты аталып өтті. Соған сәйкес биология мамандығы студенттеріне көптілді білім беру жүйесі бойынша белгілі пәндерден үш тілде білім берілді. Білім беруде белсенді түрде жұмыс істейтін білім дамытуға арналған әдістер пайдаланылды. Олар білім алушыларға үш жақты тілде сөйлеу және білімнің қолайлы деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Зерттеу бойынша биология мамандығы студенттерінің көптілді білім беру барысындағы білім деңгейінің динамикасы анықталады, оның ішінде көптілді білім беру пәндерінен алынған білім нәтижелерінің мониторингі анықталды.

Зерттеу жұмысының барысында студенттердің көптілді білім беру ортасындағы оқу жұмысына бейімделуін анықтау үшін көптілде оқылатын пәндердің сынақ-емтихан ведомостері салыстырылды. Бұл оқу ортасына бейімделудің сыртқы, объективті критерий ретінде қарастырылды.


5В011300 - Биология мамандығы бойынша көптілді топтарда оқитын студенттердің 1 - 4 курстар барысында ағылшын және орыс тілінде оқыған пәндерінің бағасы талданды (1-кесте).

1-кесте

Студенттердің 1- 4 курста ағылшын жән орыс тілінде оқыған пәндерінің қорытынды бағалары

Курс	Пәннің аты	Топтар											
		Б-16-1			Б-15-1			Б-14-1			Б-13-1		
		Ү	С	ОБ	Ү	С	ОБ	Ү	С	ОБ	Ү	С	ОБ
1-курс	Биологияға кіріспе (о.т)	100	100	4,16	100	100	4,53	100	94	4,07	100	100	4,28
	Жас ерекшеліктер физиологиясы (о.т)				100	73	3,68	95	95	4,11	100	100	4,65
	Информатика(а.т)	100	85,7	4,21	100	87	3,9	95	79	3,6	100	93	4,3
2-курс	Биологиялық жүйелер және қоршаған орта (а.т)				92	92	3,91	92	92	4,0	100	92,3	4,21
	Экономика-лық теория негіздері (а.т)				92	92	4,91	83	83	4,25	91	91	4,73
	Эмбриология (а.т)				100	100	3,83	100	100	4,5	100	91	4,52
	Адам анато-миясы (о.т)				100	100	4,25	100	100	5,0	86	86	4,78
3-курс	Адам және жануарлар физио-логиясы (а.т)							92	92	4,33	92	92	5,0
	Құқық негіздері (о.т)							100	100	4,66	100	100	4,31
	Биологиядан кластан тыс жұмыстар ұйымдастыру және көрнекі құралдар даярлау (о.т)							100	100	4,5	85	77	4,1
	Бөлме өсімдіктерін күту (а.т) Мутагенез теориясы (о.т)							100 100	100 100	4,33 4,41	85 85	85 85	4,07 4,0
4-курс	Биосфера және адам (а.т)										100	100	4,66
	Тірі материя-ның ұйымдасу деңгейлері (а.т)										100	100	5,0
Ескерту: Ү- үлгерім, С- сапалық көрсеткіш, ОБ- орташа балл													


Одан соң сынақ-емтихан ведомосттеріне сәйкес көптілді топтардың 1-2 курс кезінде алған бағалары салыстырылды. Мәселен көптілді оқу топтары 1 –курста «Биологияға кіріспе», «Жас ерекшеліктер физиологиясы және мектеп гигиенасы» пәндерін орыс тілінде, ал «Информатика» пәнін ағылшын тілінде оқиды. 1-суретте 1- курста оқылған пәндердің орта бағалары салыстырылған.



1- сурет – Студенттердің 1-курста оқыған пәндері бойынша орта баға көрсеткіші

Суреттегі мәліметтерді талдағанда орта бағаның төменгі деңгейі «Жас ерекшеліктер физиологиясы және мектеп гигиенасы» пәні бойынша Б-15-1 оқу тобында (3,68), «Информатика» пәні бойынша Б-15-1 және Б-14-1 оқу топтарында (тиісінше 3,9 және 3,6) тіркелген.

5В011300-Биология мамандығы бойынша 2-курста студенттер «Биологиялық жүйелер және қоршаған орта», «Экономикалық теория негіздері», «Эмбриология» пәндерін ағылшын тілдерінде, ал «Адам анатомиясы» пәнін орыс тілінде оқыды. Студенттердің пәндер бойынша алған бағаларының орташа көрсеткіші 2-суретте көрсетілген.




2-сурет – Студенттердің 1 -2-курста оқыған пәндері бойынша орта баға көрсеткіші

2 - суреттегі мәліметтерге қарағанда ең төмен орта баға Б-15-1 оқу тобында «Биологиялық жүйелер және қоршаған орта» (3,91) және «Эмбриология» пәндері (3,83) бойынша тіркелген, ал басқа пәндер бойынша орта баға 4,0-ден жоғары болды.

Студенттердің көптілді оқу ортасына бейімделуінің сыртқы, объективті критерийі ретінде сынақ – емтихан ведомосттерін салыстыру 1- және 2-курстарда орыс және ағылшын тілдерінде оқылған пәндері бойынша студенттердің орыс және ағылшын тіліндегі пәндерді меңгеруі біршама жақсы деңгейде екенін көрсетті.

Зерттеу жұмыстарының міндеттеріне сәйкес пәндердің көптілді білім беру топтарында ағылшын тілінде оқытылуы және жәй топтарда қазақ тілінде оқытылуы қарастырылды. Нақтылап айтқанда, 1-курста «Биологияға кіріспе» пәнін, 2-курс студенттері «Адам анатомиясы» пәнін, 3 курс студенттері «Адам және жануарлар физиологиясы» пәнін қазақ және ағылшын тілінде оқыды. Оқытылған пәндердің мәтіні жалпы білім беру стандартына сәйкес болғанымен, әрбір оқытушы дәріс мазмұнын түрлі деңгейде ұсынған. Зерттеу жұмысы барысында аталған пәндер бойынша орташа баға салыстырылды. Ол көрсеткіштер 3-суретте көрсетілген.



3-сурет – Көптілді және қазақ топтарындағы пәндер бойынша орта баға

3 - суретте келтірілген мәліметтерге қарағанда көптілді топтар мен қазақ топтарының аталған пәндер бойынша алған бағалары шамалас болды. Зерттеу жұмысының үшінші сериясын қорытындылағанда студенттердің көптілді білім беру ортасындағы оқу жұмысына бейімделуі жоғары болды.

Зерттеу қорытындысы бойынша, биология мамандығында көптілді топтарда оқитын студенттердің бастапқы курстағы бағалары жоғарғы курсқа өткен сайын жоғарылағаны байқалды. Бұдан 5В011300 - Биология мамандығы бойынша студенттердің көптілді білім беру ортасына бейімделуі жоғары деңгейде деген қорытынды жасауға болады.

Сондықтан бүгінгі таңдағы көптілді білім жүйесі – бұл тұлғаны лингвистикалық білім мен қабілеттері, жазба және ауызекі тіл қызметтері негізінде жүзеге асқан адамзат үшін қоғамдық маңызы бар «үзінді» ретіндегі және мәдениет пен оқытылып жатқан тілдерге қатысты эмоционалды-құнды мүмкін қатынастарды қалыптастырады. Білім жүйесінің жаңа парадигма аясындағы көптілдік идеяларды тиімді тәсілмен енгізу стратегиялары мен тактикаларын жасау үшін индивидтің көптілді тұлға ретінде дамуына арнайы бағытталған, ұйымдастырылған, бір нормаға қалыптастырылған үш бірлікті білім мен тәрбие беру жүйесін камтитын біртұтас жүйелі тәсілдемелері қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Жетписбаева Б. А. Полиязычное образование: теория и методология. – Алматы: Білім, 2011. –343
2. Жетписбаева Б.А. Теоретико-методологические основы полиязычного образования: автореф. дис. пед. наук.-Караганды, 2009
3. Чан Динь Лам. Полиязычное образование – важнейшая стратегия развития Казахстана // Успехи современного естествознания. – 2013. – № 7. – С. 130-132
4. Казахстан: образование в условиях полиязычия// Педагогика. – М. – 2008. № 6. С.124-125

Л.Б. Раманова.[1], С.Ж. Ибадуллаева.[1], Н.С. Ауезова[2]
[1]Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан
[2]Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, Астана, Казахстан

Динамика уровня знаний студентов по специальности «Биология» в полиязычном образовании

Аннотация. В статье рассматривается организация полиязычного образования в соответствии с педагогическими законами и правилами. Многоязычное образование является одним из сегодняшних требований. Одним из основных вопросов, обсуждаемых в системе образования, является развитие многоязычного образования по специальности биология и организация учебно-методической работы. Проведено исследование динамики знаний студентов по многоязычным предметам. Многоязычные образовательные группы преподавали английский язык и преподавали на простом казакском языке.

Для того чтобы определить адаптивность учащихся к полиязычному образованию, сравнивались множественные экзаменационные дисциплины на различных языках преподавания. Это рассматривалось как внешний объективный критерий адаптации к учебной среде. Проанализированы результаты исследования. Результаты анализа показывают, что студенты имеют высокую адаптируемость к многоязычному образованию.

Ключевые слова. Методы развития образования, образовательный стандарт, мониторинг, контроль, адаптация, стратегия.

L.B. Ramanova.[1], S.Z. Ibadullayeva.[1], N.S. Auezova[2]
[1]Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan
[2] S.Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Astana, Kazakhstan

Dynamics of the level of knowledge of students of biological speciality in polylingual education

Abstract. The article deals with the organization of a multilingual education in accordance with pedagogical laws and regulations. Multilingual education is one of today's requirements. One of the main issues discussed in the education system is the development of multilingual education in the field of biology and the organization of educational and methodological work. The dynamics of students' knowledge of multilingual subjects has been studied. Multilingual educational groups taught English and taught in a simple Cossack language.

In order to determine the adaptability of students to multilingual education, multiple exam subjects were compared in different teaching languages. This was seen as an external objective criterion of adaptation to the learning

environment. The results of the study are analyzed. The results of the analysis show that students are highly adaptable to multilingual education.
Keywords. Methods of education, educational standard, monitoring, control, adaptation, strategy.

References

1.Jetpisbaeva B. A. Poliiazychnoe obrazovanie: teoriia i metodologiia [Polylactic education: theory and methodology] [Education] (Bilim, Almaty, 2011).
2.Zhetpisbaeva B.A. Teoretiko-metodologicheskie osnovy poliiazychnogo obrazovaniia [Theoretical and methodological foundations of a multilingual education]: avtoref. dis. ... d-ra ped. nauk.-Karagandy [Author's abstract. dis. ... Dr. ped. Sciences] Karaganda, 2009.
3. Chan Din Lam. Poliiazychnoe obrazovanie – vajneshaia strategiia razvitiia Kazahstana, [Polylactic education is the most important development strategy of Kazakhstan], Uspehi sovremennogo estestvoznaniia, [The successes of modern natural science], 7, 130-132 (2013).
4.Qazahstan: obrazovanie v usloviiah poliiazychiia Kazakhstan:[Education in conditions of multilingualism], Pedagogika, 6, 124-125, (2008).

Авторлар туралы мәлімет:
Раманова Л.Б. - биология, химия және география кафедрасының магистранты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан.
Ибадуллаева С.Ж. – биология ғылымдарының докторы, биология, химия және география кафедрасының профессоры, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан.
Ауезова Н.С. – биология ғылымдарының кандидаты, экология кафедрасының аға оқытушысы, С. Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан.
Ramanova L.B - undergraduate Departments of Biology, Chemistry and Geography, Korkyt Ata Kyzylorda State University**,** Kyzylorda, Kazakhstan,
Ibadullayeva S.Zh - Doctor of Biological Sciences, Professor Departments of Biology, Chemistry and Geography, Korkyt Ata Kyzylorda State University**,** Kyzylorda, Kazakhstan.
Auezova N.S - Candidate of Biological Sciences, Senior Lecturer Department of Ecology, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Astana, Kazakhstan.